

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақмола заң колледжін" "Салық полициясы академиясы" мемлекеттік мекемесі деп қайта атау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 тамыз N 1184.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.15. N 643 қаулысымен. ~P970643

Қазақстан Республикасының салық полициясы органдары үшін мамандар даярлауды одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақмола заң колледжі "Салық полициясы академиясы" (бұдан әрі - Академия) мемлекеттік мекемесі
б о л ы п қ а й т а а т а л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі нақты мамандықтар бойынша дипломдар беру құқығымен Академия қызметін іске асыруға қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленген тәртіппен лицензия
б е р с і н .

3. Академияның негізгі міндеттері:
салық полициясы мен кеден қызметі органдары үшін жоғары білімді
м а м а н д а р д а я р л а у ;

салық полициясы мен кеден қызметі органдарының басшы кадрлары мен қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру;
ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау;
экономикалық қылмысқа қарсы күрестің өзекті проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті Академияны жалпы басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті
о р г а н б о л ы п б е л г і л е н с і н .

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитетінің төрағасы Академияның басшысын тағайындайды, ол лауазымы бойынша Салық полициясы комитеті төрағасының орынбасарына теңестіріледі.

6. Академияның басшысына Салық полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережеге сәйкес арнаулы атақ беріледі.

7. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Академияның жарғысын бекітсін және оны әділет органдарында тіркетуді
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) Академияны басшы және профессорлық-оқытушылық құрамның білікті кадрлары мен жасақтасын;

3) екі ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

8. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бір ай мерзімде Ақмола заң колледжінің штат санын, ғимараттарын, материалдық-техникалық құралдары мен өзге де мүлкін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитетіне беруді

жүргізсін.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Академия қызметін қаржыландыруды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақмола заң колледжін ұстау үшін 1999 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін;

кейінгі жылдарға республикалық бюджетті әзірлеу кезінде Академияны қаржыландыруға қаражат көздейтін болсын.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.